

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жатақханада тұратын студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық, моральдық-психологиялық жағдайын анықтау

Зерттеудің мақсаты – студенттердің жатақханадағы тұрмыс жағдайымен қанағаттануын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- Студенттердің жатақханадағы тұрмыс жағдайына қанағаттану көрсеткіші;
- Жатақхана студенттерінің көпшілігіне тән көңіл-күйді анықтау;
- Жатақханадағы әлеуметтік-тұрмыстық және қосымша қызмет көрсету сапасына қанағаттану көрсеткішін анықтау;
- Жатақханадағы санитарлық-гигиеналық тазалықтың сақталуына қанағаттану көрсеткішін анықтау;
- Тұрғындардың жатақханадағы ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жасалып жатқан жұмыстарды бағалауы;
- Жатақхана комендантының қызметін және студенттермен жұмыс жасайтын студенттік кеңестің қызметін бағалау;
- Жатақхана студенттеріне сырттан қысым көрсетілу (ақша жинау, бұзақылық көрсету, бұзақылық топтарға тарту, ұрлыққа итермелеу және т.б.) құбылысының орын алуын анықтау және т.б.

Зерттеу объектісі:

№№2, 3, 5, Өркениет және Дильмаш жатақхана тұрғындары

Зерттеу жүргізілген уақыты: 2024 жыл

Зерттеу іріктемесі:

430 респондент (жалпы жатақхана аралық белгілеріне қарай іріктелді). Оның ішінде сауалнамаға:

- №2 жатақхана бойынша -20;
- №3 жатақхана бойынша – 40;
- №5 жатақхана бойынша – 219;
- Өркениет жатақханасы бойынша – 56;
- Дильмаш жатақханасы бойынша – 96 тұрғын жауап берген

Зерттеу барысында қолданылған әдіс:

Сауалнама «face to face» әдісі арқылы жүргізілді. Сұраудың әдістемесі респонденттен жоғарғы дәрежедегі дәлдікпен үлкен көлемде ақпараттар алуға мүмкіндік береді. Зерттелетін сұрақтар жекеленген интервью кезінде едәуір толық ашылады. Жеке сұрауды кәсіби мамандаған интервьюерлер үшінші адамның қатысуынсыз жүргізіледі.

Респонденттерден сұрау процесі арқылы алынған мәліметтер статистикалық өңдеу мен талдаудан өтеді. Тапсырыс берушіге сұраудың нәтижесі бойынша зерттеу сауалнамасының сұрақтарына жауап берген респонденттердің жауаптары график және кестелер түрінде бөлінген есеп түрінде беріледі.

Зерттеу барысында қолданылған әдістеме:

Зерттеудің міндеттеріне сәйкес құрастырылған 40 сұрақтан тұратын стандартты сауалнама.

Зерттеу жүргізу барысында қолданылған сауалнама ақпараттық-сараптама жұмыстары бойынша қызмет көрсету тобының мамандарымен құрастырылған. Сауалнама арнайы дайындықтан өткен жеке сұхбат алушымен бірге толтырылатындықтан алғашқы элеуметтік мәліметтердің толықтығын және нақтылық процесін көтеруге мүмкіндік береді.

Жатаханадағы студенттердің мәдени-рухани байлығын арттыру және бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін ұйымдастыру қажет шаралар

- Жатақханадағы элеуметтік-тұрмыстық және қосымша қызмет көрсету сапасын арттыру (мәдени-көпшілік шаралардың ұйымдастырылуы, кітапхана жұмысы, компьютерлік кластың жұмысы, техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, жылудың берілуі, судың берілуі);
- Жатақханадағы санитарлық-гигиеналық тазалықтың сақталуын қамтамасыз ету (бөлме тазалығы, тұрмыстық жиһаздардың сапасы, тазалығы, ас әзірлейтін орынның сапасы мен тазалығы, жуынатын орындардың тазалығы, әжетхананың тазалығы, желіздердің тазалығы, күл-қоқыстардың шығарылуы);
- Жатақханалардың санитарлық жағдайын бақылау бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссия құру;
- Жатақхана студенттерімен жұмыс жасайтын студенттік кеңестердің қызметін жетілдіру;
- Жатақхана студенттерінің мәдени-рухани байлығын арттыру және бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін іс-шаралардың тиімділігін арттыру
- Жатақхана студенттерінің элеуметтік-тұрмыстық, моральдық-психологиялық жағдайын жақсарту.